

Интернет желісіне және телефонияға қол жеткізуді ұйымдастыруға арналған спутниктік жабдықтың мобильді жиынтығы.



Автомобильдік байланыс жиынтығы (АБЖ) диаметрі 0,75 м автоматты спутниктік антеннаны және SkyEdgeII-C спутниктік терминалы орнатылған ішкі блокты қамтиды.

Спутниктік антенна автомобильдің немесе кез келген басқа көлік құралының төбесіне орнатылады. Автомобиль қозғалысы кезінде АБЖ антеннасы жабық (тасымалдау) күйде болады. Пайдаланушының пәрмені бойынша автокөлік тоқтағаннан кейін антенна автоматты түрде KazSat спутнигіне бағытталаып, деректерді беру арнасын орнатады. Антеннаны тасымалдау жағдайынан жұмыс жағдайына орналастыру уақыты 5 минуттан аспайды.

### АБЖ артықшылықтары:

- Қазақстан Республикасының кез келген нүктесінде станцияны жедел өрістету, терминалдың орналасқан жеріне қарамастан спутниктік байланысты қамтамасыз ету
- Дамымаған телекоммуникациялық инфрақұрылым проблемасын шешу және жер үсті байланыс арналарынан тәуелсіздік
- Сымсыз желіні (Wi-Fi) ұйымдастырумен интернет желісіне қолжетімділік
- Қалааралық және халықаралық байланыстарды қоса алғанда, телефон байланысы қызметтері
- Виртуалды жеке желі (VPN) қызметін ұсыну

### Қолдану салалары:

- Мұнай-газ саласының, экологиялық және метеоқызметтердің әртүрлі объектілерінің жұмысын қадағалау және мониторингтеу
- Жеке бизнесте интернетке жеке қол жеткізу және инфрақұрылымы жоқ жерлерден телефон байланысын ұйымдастыру үшін
- Авариялық және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу орындарында байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету
- Жедел ақпарат беру үшін мобильді корреспонденттік пункттерді ұйымдастыру
- Көшпелі іс-шараларды өткізу кезінде байланыспен қамтамасыз ету (оқыту, семинарлар, презентациялар, сайлау алдындағы кампаниялар, спорттық іс-шаралар, концерттер)
- Аумағында тұрақты кеңсе көзделмеген елді мекендерде қызметкерлердің көшпелі жұмысын ұйымдастыру

## АБЖ құрамы:

- Диаметрі 0,75 м автоматты KU спутниктік антенна
- Таратқыштың қуаты (BUC) 4 Ватт
- Төмен шу күшейткіші (LNB)
- Кабельдер жиынтығы
- 220 В қоректендіру блогы
- Wi-Fi антенналары 2 дана
- Басқару блогы (терминал)

## Басқару блогы:

### Электрмен қоректендіру:

- 220 В желісінен қоректендіру блогы арқылы
- 12 немесе 24 В автомобильдің борттық желісінен

### Температура диапазоны:

- Спутниктік антенна: -40 С - ден +50 С - ге дейін
- Ішкі блок 0 С+50 С
- Таза салмағы 27 кг

### Қосылу үшін қосқыштар:

- BUC / LNB қосылу үшін радиожиілік порты
- RJ-11 телефон порты
- Ethernet порты 10/100 RJ-45
- Wi-Fi антенналарын қосуға арналған екі порт
- DC 12 / 24V қосқышы

## Басқару блогы жабдықтарының сипаттамасы:

### SkyEdgeII-C спутниктік модемі

- Стандарт: MF-TDMA, DVB-S2 динамикалық арналар, адаптивті кодтау және модуляция (ACM)
- Таңба жылдамдығы-128ksps-67Msps
- Модуляциясы: QPSK, 8PSK, 16APSK, 32APSK
- Кодтауы: TPC, LDPC, BCH
- FEC: 1/2, 2/3, 3/4, 4/5, 6/7

### Wi-Fi қолдауы

- IEEE 802.11B/G
- Деректерді берудің физикалық жылдамдығы: 54 Мбит/с дейін
- Қамту радиусы: 30 метрге дейін
- WEP, WPA/ WPA2, TKIP, AES сияқты қауіпсіздік стандарттарын қолдау

### Дауыстық шлюз

- Хаттама: SIPv2
- Кодектер: G.711 (a-law /  $\mu$ -law), G.729E, G.729 (A/B), G.723.1, G.726-40/32/24/16 және iLBC
- Эхокомпенсация: G.168 - үйлесімді
- Факс қолдауы: G.711, Real Time/Secured T.38 Fax relay

*ASTEL пайдаланушыларға тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн режимінде жоғары білікті сервистік және консультациялық қолдау көрсетеді. [www.ASTEL.kz](http://www.ASTEL.kz) +7 727 312 00 00*